



2025 жылдың 01 қарашаға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 қарашаға елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі 42 074,6 млрд теңгені (жиынтық активтердің 62%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі 1 490,9 млрд теңге, немесе жалпы несие портфелінің 3,5% құрады (2025 жылғы 1 қазанға – 41 614,9 млрд теңге немесе 62%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 262,8 млрд теңге немесе 76% (01.10.2025 ж. – 1 078,8 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 389,5 млрд теңге немесе 24% (01.10.2025 ж. – 387,5 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.10.2025 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.10.2025 ж.
NPL құрылымы



01.11.2025 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 403,1 млрд теңге немесе несие портфелінің 5,5%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 366,3 млрд теңге (несие портфелінің 2,8%);

– **«Еуразиялық банк» АҚ** – 133,6 млрд теңге (несие портфелінің 7,9%);

– **«Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)»** 100,2 млрд теңге (несие портфелінің 6,7%);

– **«ForteBank» АҚ** – 100 млрд теңге (несие портфелінің 3,4%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,8%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Заман-Банк» Ислам банкі АҚ (8,2%); «Alatau City Bank» АҚ (8,0%); «Еуразиялық банк» АҚ (7,9%) және «БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ (7,6%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады